

Данная электронная программа представляет собой инновационную технологию развития коммуникативных функций у детей младшего возраста с ОНР Шуровня, сущность которой состоит в предложении наиболее рациональных способов достижения поставленных коррекционных целей.

Инновационная технология, в отличие от традиционных обучающих форм, является более целенаправленным и интенсивным процессом коррекции с точки зрения технических, социальных и организационно-управленческих условий.

#### Литература:

1. Грибова ,О.Е. Прием научного моделирования как средство изучения речевых нарушений.- // Дефектология. - 2001.
2. Гризик,Т.А. Взаимодействие детского сада и семьи по развитию речи.- // Дошкольное воспитание. - 2000. - №6.С.32.
3. Соловьёва Л.Г. Особенности коммуникативной деятельности детей с общим недоразвитием речи.- // Дефектология. - 1996.

**Тұрмаханова Ж.С.,** Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогикалық факультет, БОПмӘ-13, студент  
(*Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к., доцент Шаушекова Б.Қ.*)

### ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОЛДАУЫ ЖАСТАРҒА СЕНІМДІЛІК БЕРЕДІ

Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Бүгінде бүкіл еліміз бойынша жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарға жастарым белсенді атсалысуы керек. Сондай-ақ, былтыр өзім бастап берген «Жас сарбаз» қозғалысы негізінде әскери-патриоттық тәрбие беру ісін дамыту қажет. Үкіметке 2050 жылға дейінгі әскери-патриоттық тәрбие беру бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын» «Жас сарбаз» бастамасының үлгісімен еліміздегі волонтерлерді, әсіресе әлеуметтік жобалар саласындағы еріктілерді біріктіру қажет [1, 3 б] деп атап көрсетті.

Елбасы Астанада өткен «Жастар-еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы» атты форумында жастарға үлкен үміт артып, болашаққа сеніммен қарау керектігін айтып отыр.

Демек, қазіргі кездегі күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе қазақстандық патриотизм азаматтың, қоғамның, мемлекеттің ортақ күш-жігеріне келіп саяды. Қазақстан - өз Әнұраны, Елтанбасы, туы, жері бар мемлекетіміз деген ұғым қоғамда түпкілікті қалыптасуы керек және оны сүю, қорғау осы қоғамда өмір сүріп жатқан барша адамның міндеті болмақ.

Патриотизм ұғымдарына түсініктеме беретін болсақ, Қазақ кеңес энциклопедиясында «патриотизм» – дегеніміз (грек πατριότις – отандас, πατριώ – Отан, туған жер) отанға деген сүйіспеншілік. Бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан қалыптаса бастайды - деп көрсеткен [2, 25 б].

Үлкен кеңес энциклопедиясында «социалистік қоғам азаматының патриотизмі өз Отанына, бүкіл социалистік елдер ынтымақтастығына берілгендік пен адалдықтан тұрады» - делінген [3, 48 б].

Педагогикалық сөздікте «... патриотизм өз халқына, Отанға деген сүйіспеншілік ... пролетарлық интернационализммен берік байланысқан» - деп анықталған. Патриотизм – қоғамдық санадағы аса маңызды да күрделі түсініктердің бірі. Қоғам мүшелерінің өздері өмір сүріп отырған ортаға деген қарым – қатынасын реттейтін патриотизм ұғымын теориялық негіздеудің, зерттеудің өзіне тән тарихы, қалыптасуының үрдістері [4, 98 б].

«Патриот» сөзі (patriotes – жерлес, отандас) ежелгі грек жерінде пайда болғандықтан, оны алғашқы мағынасында сол антика ғұламалары Платон, Аристотель, Гераклит еңбектерінде пайдаланып, адам санасының туған елі мен жеріне деген құштарлық сезімін түсіндіруге қолданды [5, 102 б].

«Отан - от басынан басталады» дейді халық даналығы, демек, бала тәрбиесі -Отан мен ел мүддесі. Әрбір бала бір ғана отбасының ғана емес, күллі қоғамның келешегі, көктемі, бүршік атар гүлі екені жадымыздан әсте шықпағаны абзал.

1992жылы 4 маусымда тұңғыш рет тәуелсіз Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздері бекітілді. Бұл жылдар ішінде біздің көк байрағымыз Нью-Йорктегі БҰҰ штаб-пәтерінің алдында дүние жүзіндегі басқа мемлекеттер туларының арасында желбіреп тұрды. Атлантада өткен Олимпиадалық ойындарда жеңіске жеткен қазақстандық спортшылар құрметіне шырқалған әнұран

көрініс тапты. Тұңғыш қазақстандық ғарышкерлермен бірге ғарышта болған мемлекеттік рәміздер еліміздің тарихының бір беттері.

Мемлекеттік рәміздер:

- еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігіміздің нышандарының бірі;
- ежелден еркіндік, бостандық және егемендік аңсаған ата-бабаларымыздың биік мұраты;
- еліміздің жастарын өз еліне деген терең сүйіспеншілік пен шынайы патриотизмге тәрбиелеу құралы;

- мемлекеттік рәміздерге деген құрмет өз еліңе жеріңе, тіліңе деген мақтаныш, оның рәміздеріне деген құрмет-деген ұғым қалыптастыру.

Болашақ ұрпақты жалпы адамзат құндылықтарын қастерлеумен қатар, өз еліне, ұлтына, тіліне, салт-дәстүріне деген отаншылдық сезімін тәрбиелеудің маңызы зор. Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандары туралы бапта:

«Азаматтыққа және Отансүйгіштікке, өз Отаны –Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандарын құрметтеуді қалыптастыру, сондай-ақ олардың мәні мен маңызын түсіндіру мақсатында оларды оқыту жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарының негізгі жалпы білім беру, бағдарламаларына енгізіледі»- деп атап көрсетілген [6]

«Патриотизм ... (грек тілінен аударғанда - Отан) әдетте Отанға сүйіспеншілік деп аталатын, нақты бір әрекет бейнесінде және қоғамдық сезімдердің күрделі жиынтығында көрініс беретін, балаларының Отан - Анаға деген көзқарасын сипаттайтын қоғамдық және адамгершілік принцип», - деп көрсетілген [7, 56 б].

Қазақстандық патриотизмге өзінің Отанына, оның мәдениетіне, дәстүріне деген шексіз сүйіспеншілік, елінің жеткен жеңістеріне деген мақтаныш, өз мемлекетінің экономикалық және саяси қуатын арттыруға бағытталған әлеуметтік белсенділік, Отанын, оның бостандығын, тәуелсіздігін аянбай қорғауға даяр болу керек деген сөз.

Патриотизм көпұлттылық және ұлттық бөліктерден тұрады. Ұлттық патриотизм әдетте адамдардың белгілі бір ұлтқа тән екендігімен, өз тілімен, мәдениетімен, сол аймаққа тән дәстүрлерімен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жағдайында барлық ұлттардың ортақ сана-сезімін қамтитын интернационализм идеясы мен ұлттық патриотизм идеясының біртұтастығы қажет. Оның темірқазығы - Қазақстанды осындағы барлық ұлттардың өз Отаным деп сезінуі болмақ.

Жалпы қазақстандық патриотизм дегеніміз - өзінді республика халқының ажырамас бөлігі, ортақ Отан ретінде Қазақстан Республикасына сүйіспеншілік сезімі мен берілгендік, азамат ретінде халық пен елдің мүддесін қорғайтын борышты сезіну болып табылады. Қазақстандық патриотизмге басқа алықтарға деген сыйластық, бүкіл адамзатты құрметтеу тұрғысынан қарау керек.

Олай болса, патриотизмнің өзегі -патриоттық тәрбиенің негізін дамытудың мәні жеке тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсететін және қалыптастыратын идеялық-адамгершілік, моральдық еріктілік, еңбек және дене сапаларын қалыптастыруда ішкі байланыстарды анықтау және саралау болып табылады.

Патриоттық тәрбиеде қолданылатын іс-әрекет түрлері тәрбие үдерісінің нақты мазмұнын анықтайды. Ондай іс-әрекеттерге оқу-танымдық, спорт-қорғаныс, ойын, еңбек, қоғамдық-саяси, көркемдік-эстетикалық іс-әрекеттерді жатқызуға болады.

Жастардың патриоттық рухын көтереді, нашарларға жан ашу, оларды қолдай білетін рахымшыл, көпшіл, қоғамшыл болуға үйретеді. Адамгершілік сананы мейлінше жоғары ұстаудың жақсы үлгілерін береді.

Патриоттық тәрбие мәселесі - адамзат тарихының өне бойында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бүгінде адамзат өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген, үшінші мыңжылдыққа қадам басқан кезеңінде қазақстандық патриотизм, азаматтық парыз, ар тазалығы жас мемлекетіміз үшін рухани асыл мұрат қалпында қала бермек.

Бүгінгі күндегі еліміздің егеменділікке жетуі халықтардың ұлттық дүние танымының өсуіне байланысты яғни жоғары оқу орындарында тәрбие беру мәселесіне жаңаша көзқараспен қарауға, патриоттық сана-сезім мен мінез-құлықты қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді.

«Көздерінде от қайнар,  
Сөздерінде жалын бар,  
Жаннан қымбат оларға ар,  
Мен жастарға сенемін»

Алаштың арда ақыны Мағжан Жұмабаевтың осы өлеңін жаттап өстік. Жалын мен жігерге толы жыр жолдарын оқыған әр жас жүректің көздерінде от ойнап, жүрегі жалынға толатыны хақ[8].

Ал, мұндай қасиетке ие жүректің «Елім!» десе, елжіремеуі мүмкін емес. Сондықтан да, жастар қоғамдағы ең негізгі күштердің бірі әрі бірегейі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынысымен 2019 жылдың «Жастар жылы» болып жариялануы Қазақстанда тұрып жатқан шамамен 4 миллионға жуық жастың сенімін еселеткендей. Бойына жігер сыйлағандай. «Жастар-еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы. Қазақстанның болашағы - сіздердің білімдеріңізге, энергияларыңыз бен патриотизмдеріңізге байланысты. Біз қазір жасап жатқанның бәрі сіздердің бақытты өмірлеріңіз үшін, өз әлеуметтеріңіз бен мүмкіндіктеріңізді толық мәнде жүзеге асыра алуларыңыз үшін жасалып жатыр», - деді президент Астанада өткен «Жастар-еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы» форумында [9].

Еліміздің болашағы жастар, сондықтан оларға үлкен үміт артылып отыр. «Елдің ертеңін көргін келсе, жастарыңды қара» дегені бар. Қиялда шек бар ма? Кішкене күнімнен алдыма мақсат қойдым. Үздіктер қатарынан көріну үшін аянып қалмадым. Шын дарындылар ауылдан шығады. Жастар Елбасының жыл сайынғы жолдауын асыға күтеді.

Мәселен, бес әлеуметтік бастамасында 2018-2019 оқу жылында қосымша 20 мың грант бөлінді. Студенттерді толық жатақханамен қамтамасыз ету мәселесі көтерілді [10, 2 б].

Білім қуып жүрген біздерге үлкен мүмкіндік болды. Елбасының сарабал саясатының арқасында білімге құйылған инвестиция оң шешімін тауып отыр. Мен болашақта педагог ретінде мемлекетке не беремін деген сұрақ мені жиі ойландыратын еді. Республикамыздағы үздік университетінде білім алудамын. Алған білімімді болашақта сыр елінің білім саласының өсіп өркендеу жолында жұмсамақпын.

Сондықтан, мені, «мен еліме не беремін?» деген сұрақ толғандырады. Елбасының «Жас сарбаз» қозғалысы негізінде әскери-патриоттық тәрбие беру ісін дамыту қажет дегеннің ескере отырып, болашақта педагогикалық тәжірибе өту барысында бастауыш мектеп оқушыларына «Мәңгілік елім-Қазақстан» атты әзірлеген тәрбие жоспарын ұсынғым келеді.

Кесте -1.

«Мәңгілік елім -Қазақстан»

№	Іс-шара атауы	Мақсаты	Түрі	Мерзімі
1.	Отан- отбасынан басталады	Отбасы – мектеп - жұртшылық сабақтастығын нығайту	Ата-аналар конференциясы	1- ші апта
2.	Мемлекеттік рәміздер	Оқушыларға Мемлекеттік рәміздерді оқыта отырып, патриоттықсанасын- сезімін қалыптастыру	Сайыс	2- ші апта
3.	Тәуелсіз елім-тірегім	Еліміздің тәуелсіздігін сақтау барысында ғылыми зерттеулердің нәтижесі, инновациялық идеяларды қолдану және талдау, ұсыну.	Ғылыми жоба	3- ші апта
4.	Мәңгілік ел - Қазақстан	Оқушылардың Отанға деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру	Апталық	4- ші апта
5.	Рухани жаңғыру- патриоттық тәрбие негізі.	Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру	Тренинг	5- ші апта

Елбасымыз « Тәуелсіздік ұрпақтары атты форумда «Ауыл ел бесігі» жобасы аясында жергілікті кадрлардың әлеуметін күшейтуге баса назар аударды. Осыған орай мен «Диплом мен ауылға» бағдарламасы аясында туған жерімнің өсіп өркендеуі жолында тер төкпекпін. Ұстаз болу педагогикалық оқу орнын үздік бітірумен шектелмейді, ұлы шынды бағындыру үшін өмір бойы ізденгім келеді. Ел іші өнер кеніші демекші тума таланты, өмірге құштар дарынды оқушыларды бір орталыққа жинаймын. Жас педагогтар үшін әдістемелік кабинеттер ашып, семинар тренингтер өткіземін. Бұл бір жағынан үйрену және пікір алмасу болады. Шәкірттерімнің бойына үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіру секілді адамгершілік қасиеттерді дарытуға тырысамын. Жаһандану заманында бойымыздағы рухани және адамгершілік қасиеттерді алмасуымыз керек. Қайырымдылық шараларын өткізіп, еліміздің дамуына атсалысқан азаматтардың өмір жолын шығармашылық қызметін өз шәкірттеріме үлгі ете отырып, кездесу шараларын өткіземін. Шәкірттерімнің бойынан кемшіліктерін емес, жетістіктерін көріп қуанғым келеді. Елбасымыздың үш тұғырлы саясатын қолдай

отырып, латын әліпбиіне көшуге атсалысамын. Ел ертеңі саналатын біздерге артылып отырған жүктің жауапкершілігін сезінгім келеді. Ақыл жастан ешкімнің таласы жоқ. Бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заманда жастық жалыныммен өмірге деген құштарлығымды білім беру жолында сарп етпекпін.

Бүгінде жастар қоғамның қозғаушы күші ретінде озық идеялармен қаруланып, еліміздің дамып, өркендеуіне лайықты үлес қосып келеді. Болашақта ел тізгінін ұстайтын, еліміздің әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті, экономикасы дамыған, өркениет көшінен лайық орын алатын, еліміздің қарқынды дамуына өзіндік үлес қосатын қоғамның негізгі белсенді күші жастар болса, сол жас мамандарға рухани күш – қуат беріп, ынталандыратын да осындай іс-шаралар екені даусыз. Сөз соңында:

Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты,  
Қырандай күшті қанатты  
Мен жастарға сенемін,-

деп Мағжан ақын жырлағандай, киелі өлкенің жас перзенттері осал болмайтынына, Мәңгілік елдің мәуелі жемістерін өсіруде табысты еңбек ететіндеріне, тәуелсіздігіміздің тірегі жас ұрпақты терең біліммен қаруландыра алатынына ұстаздар екеніне сенім білдіреді! [11, 15 б].

Сонымен қатар өзіме ерекше ынтызарлықпен қабылдаған жаңалығым, волонтерлықпен айналысатын студенттердің шәкірт ақысын 30 пайызға көтеруі. Меніңше, өте қажетті бастама болды. Жастардың өмірден өз орнын тауып, кірпіш болып қалануы олардың әлеуметіне байланысты. Қоғамдық жұмысқа араласып, ерікті ретінде қоғам игілігі үшін көп ізгі амалдарға барған жан ең алдымен елге жанашыр жан.

Туған жерге деген сүйіспеншілік туған елге, Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады. Өскелең ұрпақ бойына елжандылық пен қазақстандық патриотизмді сіңіру, адами құндылықтарды бойға тарату, сананы жаңғырту арқылы әлем таныған азамат және азаматша тәрбиелеу, жеке тұлға қалыптастыру әр педагог үшін басты міндет.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде оқу-тәрбие үдерісінде, әр сабақ сайын ұрпақ жадында қалар ұлағатты тәрбие беріп, жас ұрпақты елін, жерін сүйетін нағыз патриоттық етіп тәрбиелеуге ат салысамын.

#### Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Жастар-еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы» Егемен Қазақстан 23 қаңтар. 2019 ж
2. Қазақ совет энциклопедиясы. - Алматы: Қазақстан, 1973. 2 т. - 1686
3. Большая советская энциклопедия. – М., 1975. Т.19. - С.282.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т 7. - Алматы: Ғылым, 1983. - 639б.
5. Бержанов Қ., Мусин С. Педагогика тарихы. - Алматы : Мектеп, 1984. - 255б.
6. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы қоғамдық идеялық бірлігінде. - Алматы: Қазақстан, 1993. - 33б
7. Бабанский Ю.К. Педагогика. – М.: Просвещение, 1983.
8. Рахатжан РИЙГАН/ «Мен жастарға сенемін!»/ORTAIYG GAZAGSTAN/ 5 Ақпан, 2019жыл /
9. Назерке Саниязова/Сырда жастарды қолдаудың жарқын үлгісі бар/Сыр бойы/26 Қаңтар, 2019 жыл/3 б/
10. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес бастамасы» атты халыққа үндеуі/ Егемен қазақстан/ 5 наурыз 2018/
10. Айтбаева Шолпан /Мәңгілік ел тірегі жастар/Қазақстан мектебі /1 Қаңтар, 2018 жыл/ 31 б

**Тұрысбекова С.Қ.,** Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, шет тілдер факультеті, МИЯ-53eng тобы, магистрант.

(Ғылыми жетекші – *PhD*, шетел тілдік даярлау теориясы мен әдістемесі кафедрасы доценті Саржанова Ф.Б.)

### ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ МЕН КӘСІБИ ДАМУЫ

Цифрлық технологиялар – ақпарат ағынын басқарудың ең тиімді жолы. Ол тұтынушы үшін ең алдымен кең көлемдегі түрлі ақпарат көздеріне шектеусіз қол жеткізу мүмкіндігі деген сөз. Цифрлық технологиялар ірі көлемдегі ақпараттарды арнайы құрылғыларда сақтауға, тасымалдау мен көшіруге